



Машина жасау саласы бойынша 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекке арналған дайджест



Машина жасау өндірісі көлемінің динамикасы, млрд теңге



2020 ж. қаңтар қыркүйек/2019 ж. ФКИ:

Машина жасау – 116,6%

электр жабдық – 103,5%

басқа да көлік құралдары – 200,4%

автомобиль жасау – 151,6%

басқа санаттарға енгізілмеген машина және жабдық – 103,0%

компьютерлер, электрондық және оптикалық өнім – 78,2%

жөндеу және орнату – 99,4%


Түсінік:

2020 ж. қаңтар-қыркүйекте ақшалай көріністе өндіріс көлемі 32,7% өсті, нақты көріністе 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 16,6% өсті.

Өндіріс көлемінің өсуінің оң динамикасы: автомобиль жасау (+51,6%), басқа да көлік құралдары (2 есе), электр жабдығы (+3,5%), басқа санаттарға енгізілмеген машина және жабдық (+3%) секторларында байқалады. Өсу автомобильге сұранысты ынталандыру және жүк вагондары мен локомотив өндірісі бойынша тапсырыстарды қамтамасыз ету есебінен қамтамасыз етілді. Алайда, COVID-19 таралуы және мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде салаға әсер етпей қоймады, компьютер, электрондық және оптикалық өнім өндірісі секторларында өндірістің қысқаруы (-21,8%) және тиісінше жөндеу және орнату секторында (-0,6%) қысқаруы байқалады.


Өңірлер кесінінде машина жасау саласы өндірісінің 2020 ж. қаңтар-қыркүйектегі көлемі, млрд теңге

Сала ҚР барлық облыстарында бар, 2 өңірде жоғары шоғырланған (ақшалай көріністе): Қостанай облысы және ШҚО




**Машина жасау өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қыркүйекте
2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі**

Автокөлік құралдары және т/ж машина жасау өнімі өндірісінің өсуі




■ 2019 қаңтар-қыркүйек (100%)
■ 2020 қаңтар-қыркүйек

Экспорт, в млн долл. США



Импорт, в млн долл. США



Жиынтықтауыш құралдарды жеткізулерді кешіктіру, негізгі сауда серіктес елдер экономикасының әлсіреуі және пандемия мен мұнай бағасының құлдырау салдарынан ішкі нарықта сатып алу қабілетінің төмендеуі саланың сауда айналымының төмендеуіне әсер етті.

Экспорт

Экспорт көлемі 2020 ж. 8 айда былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 9,9% төмендеді. Төмендеу жоғарыда аталған шараларға байланысты болды. Экспорт көрсеткіштерін Аккумулятор, трансформатор, мойынтірек, локомотив, жеңіл автомобильдер, басқа да арбалар және басқа да тауарлар экспорты есебінен ұстап қалу мүмкін болды.

Импорт

Импорт көлемі 2020 ж. қаңтар-тамызда 2019 ж. қаңтар-тамыздағы көрсеткішпен салыстырғанда тек 1% өсіп, өзгеріссіз қалды. Импорт өнімнің ақшалай көріністе ең жоғары үлесін ауа сорғылары, құбыржолдарға арналған арматура, телефон аппараттары, тоңазытқыш және мұздатқыш жабдықтар және олардың бөлшектері, резервуарлар, цистерналар және ыдыстар құрайды.

Машина жасау өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-тамыздағы экспорт/импорты

Экспорт өнімі	мың АҚШ долл.	Өлшем бірлігі	Импорт өнімі	мың АҚШ долл.	Өлшем бірлігі
т/ж арбалары, белдік және бөлшектерді қоса алғанда дөңгелектер	75 166	13 284	Ауа немесе вакуумдық сорғылар, газ немесе ауа компрессорлары	1 018 441	23 821
Салмағы 15000 кг артық ұшақтар және басқа да ұшу аппараттары	72 043	315	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш жабдығының бөлшектері	636 537	14 181
Цилиндр көлемі 1500 см3 артық, бірақ, 3000 см3 аспайтын көлік құралдары	63 018	905	Құбыржолдар, қазандықтар, резервуарлар және басқа да осыған ұқсас сыйымдылықтарға арналған арматура	530 118	19 989
Дизель-электр локомотивтер	48 539	1	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш басқа да жабдықтар	472 858	12 262
Бос жүктелген салмағы 2 000 кг* артық ұшақтар және басқа да ұшу аппараттары	32 369	31	Телефон аппараттары	372 897	760

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



«KazRoboProject-2020» конкурсы

Ағымдағы жылғы қазанда онлайн форматта робот техникасы бойынша ғылыми-техникалық жобалар конкурсы болды. «KazRoboProject-2020». «ҚазРоботикс» ОО іс-шара ұйымдастырушысы болды.

Конкурс жұмысына әр түрлі жас тобындағы Қазақстанның барлық өңірінен балалар қатысты. Конкурстың негізгі тақырыбы – қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру. Конкурс екі жас тобында өткізілді: 10-15 жас және 16-21 жас, сондай-ақ, екі номинацияда концепт және прототип форматы бойынша әр жас тобында өткізілді.

Концепт – бұл қолда бар материалдардан және конструктор бөлшектерінен жоба идеясын және процестердің логикасын көрсету үшін жинақталған, мүмкін масштабы өзгерген құрылғының моделі. Прототип – бұл нақты пайдалануға жақын жағдайларда қойылған міндетті орындайтын құрылғының анағұрлым «жетілген» моделі.

Биыл карантин жағдайында өңірлік турлар өткізуге мүмкіндік болмады, сондықтан жобаларды іріктеу және қорғау онлайн жүзеге асырылды. Еліміз бойынша Конкурсқа қатысу үшін 62 жоба берілді, соның ішінде, 54 онлайн қорғауға өткізілді, 47 команда эфирге шығып, өз жобалары туралы айтты.

«Қазақстанның машина жасаушылар одағы» ЭТБ атынан әділ қазылар құрамына директордың орынбасары Ермек Тентек қатысты. Стандартты номинациялардан басқа Павлодар қаласындағы Б. Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің оқушысы Аманәлі Еркінов «ақылды зауыт» жобасы үшін Қазақстан машина жасаушылар одағының арнайы номинациясына ие болды.

Дереккөз: www.smk.kz



Қазақстандағы кен орындары зиятқа ие болады

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде мұнай-газ саласын цифрландыру қандай проблемаларды шешетіндігін айтты

Ведомствада елімізде 17 «зияткерлік кен орны» ашылатындығы туралы хабарлады. «ҚазМұнайГаз» ақпаратына сәйкес инвестиция көлемі 28 млрд теңгені құрайды. Нәтижесінде, ЦДИАӨМ ақпараты бойынша электр энергиясын тұтыну шығындарын 15% оңтайландыруға болады. Сондай-ақ, мұнай өндіру деңгейі 2% тұрақтандырылатын болады. Сонымен қатар, екі мұнай өңдеу зауытына енгізілген цифрлық технологиялар жөндеуаралық кезеңді үш жылға ұлғайтты. Бұған дейін жыл сайын тоқтауға мәжбүр болатын. ЦДИАӨМ-де саладағы жаңа технологиялар барлау мен өңдеу шығындарын азайтып, қорларды, өндіру мен қайта өңдеуді басқару тиімділігін арттыратындығына назар аударды. Сондай-ақ, сала «ашық» болады деп күтілуде. Бұл үшін жер қойнауын пайдалану құқығы электрондық форматта іске асырылатын болады.

Ведомствада қаржы ресурстарының шектеулілігі, салада және IT-да білікті кадрлардың жеткіліксіздігі, автоматтандырудан болатын экономикалық пайданы жеткіліксіз түсіну, сондай-ақ, шектелген инфрақұрылым өңдеу өнеркәсібін цифрландырудың тежеуші факторлары деп қосымша атап өтті.

Дереккөз: www.lsm.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



«Росспецмаш» қауымдастығы Ресей үкіметіне отандық машина жасауды дамыту бойынша шаралар кешенін ұсынады

Ресей арнайы техника мен жабдық өндірушілері қауымдастығы («Росспецмаш» қауымдастығы) мүшелерінің жалпы жиналысының жылдық шешіміне кәсіпорындар тап болатын жүйелі проблемаларды шешу бойынша ұсыныстар енді және іс-шара қатысушылары бір ауыздан қолдау көрсетті. Солардың ішінде – Ресей банкінің қызметіне қатысты шара, экспортты қолдау, өндірісті дамыту, ішкі нарықта сұранысты қолдау бойынша шаралар, протекционизм, жалпы қолайлы жағдай жасау шаралары. Арнайы машина жасау кәсіпорындары ағымдағы жылы ел экономикасы үшін өндірістік көрсеткіштерді былтырғы жылғы деңгейде сақтап қалды, ал, кейбір өнеркәсіп салалары бойынша оң динамика көрсетті. Зауыттар еңбек ұжымының жүйелі жұмысы, басқарушы құрамның тәжірибесі және Ресей Федерациясының Үкіметі атынан көрсетілетін қолдау шаралары есебінен осы нәтижелерге қол жеткізе алды. 2021 жылы Үкімет отандық машина жасау саласын жаңа шаралар енгізу және ағымдағы бағдарламаларды қосымша қаржыландыру есебінен әрі қарай қолдауға дайын.

Дереккөз: www.promvest.info



Ростех кәсіпорындары – Ресейдің радиоэлектрондық өнеркәсібінің көшбасшылары

«Электроника» АТО (Ростех мемкорпорациясының ақпараттық-талдамалық орталығы) Ресей радиоэлектроника өнеркәсібі ұйымдарының жыл сайынғы рейтингінің қорытындысын жариялады. Ростех мемкорпорациясының сегіз кәсіпорны саланың үздік ондығына енді, радиоэлектроника сегментіндегі түсім бойынша 50 ірі компания үздігінде 33 орында.

2019 жыл қорытындысы бойынша рейтингке Ресейдің радиоэлектроника өнеркәсібінің 69 кәсіпорны енді, жиынтық түсімі 149,7 млрд руб. құрады, жалпы қызметкерлер саны – 62,5 мың. Жалпы түсімнің 38% мемлекеттік тапсырыстар құрайды. Өндірістік қызметтен түсім жалпы түсімнің шамамен 64% құрайды, ғылыми қызмет 14% түсімді құрайды, ҒЗТҚЖ – 10%.

ЭКБ өндірісі жалпы түсімнің 16%, түпкілікті өнім өндірісі 29% құрайды. Өндірістік қызметтен түскен түсімнің қалған бөлігі ҒЗТҚЖ құрамына бөлінген. Ростех мемкорпорацияның «Росэлектроника» холдингі құрамындағы И.Шокин атындағы «Исток» НПП (12,3 млрд руб.) радиоэлектроника сегментінде түсім көлемі бойынша үздік 50 арасында көшбасшы болды. «Микрон» ГК (11,7 млрд руб.) екінші орында – ол ООО «Элемент» ООО (Ростех және «Система» АФК бірлескен кәсіпорны) құрамында. «Росэлектроника» холдингінің «Созвездие» концерніне енетін Байланыс және басқару жүйелері ғылыми-зерттеу институты (8,5 млрд руб.) үшінші орында.

Дереккөз: www.promvest.info